

Ғарифолла
Құрманғалиев
{ 1909—1993

- Ғарифолла Құрманғалиев Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында Ақкөл ауылында кедей шаруа жанұясында 1909 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген. Зерттеуші М. Құрманғалиева Бұл мәселеге байланысты әнші 1907 жылы туылған деп те көрсетіп жүр.

Өмірбаяны

□ Ғарифолла жас күнінен ата-анадан ерте айрылып жетімдік көреді. Қазақ халқының салтында бар аға өмірден қайтса оның балаларын аяққа тұрғызу інілерінің мойнында болады. Ағалары Ғұбайдолла мен Хамидолланың жанұясында жүріп бала Ғарифолла кішкентай кезінен ширақ, естіген білгенін қағып алып алатын әнге құмар құйма құлақ болып өседі. Ауыл арасындағы той мерекелерде орындаушылықпен аты шығып әнші бала атанады. Он жасынан бастап бас қосқан жерлерде болатын әншілердің жарыстарына қатысып жүреді.

- Әншілік өнерге бейімділігі бала кезінен байқалды. Ұлы Мұхиттың шәкірттері Шынтас пен Шайқыдан дәріс алды.
- 1934 жылы Алматыда өткен халық көркемөнерпаздарының бірінші Бүкіл Қазақстандық слетіне қатысты.
- Сол жылы Қазақтың музыкалық драма театрының (қазір Қазақтың опера және балет театры аталады) құрамына қабылданды.
- Құрманғалиев Е.Брусиловскийдің "Ер Тарғын", "Айман-Шолпан", "Қыз Жібек", Мұқан Төлебаевтың "Біржан-Сара", А.Жұбанов пен Д. Хамидидің "Абай" операларында күрделі партиялар мен рөлдерді ойнады. Оның орындауында халық әндері асқақ та әсем әуезімен аспан астын толтыра сорғалай шырқады.

- Әншінің орындауында «Айнамакөз», «Үлкен айдай», «Ақ кербез», «Ісмет», «Боз жорға», «Он алты кыз» т.б. көптеген әндер орындаушының бар әншілік шеберлігін танытқан туындылар болды. Ол әншілік өнермен бірге өз жанынан ән шығарып орындаған әнші-композитор ретінде де халыққа танымал болды. Оның «Ақ Жайық», «Сүйген жар», «Нұржамал», «Жан еркем», «Аққу», «Сүйемін туған өлкемді» әндері кәсібилігі, көркемдік деңгейі, орындаушыларға қояр талабы жоғары, ел ішіне кеңінен танылған әндер.

- Қазақтың ән мәдениетін өзге жұртқа кеңінен насихаттап таныстыруда да зор еңбек қылды. Атап көрсетсек, Совет Одағы кезінде Мәскеуде, Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург), Орта Азияның барлық қалаларында гастрольдік сапарлармен сан мәрте болды. Алыс мемлекеттерге де шықты: Қытайда (1950), Польшада (1958), Ауғанстанда (1960), Монғолияда (1968) т.б. өнер көрсетті.
- Ғарифолла Құрманғалиев 1939 жылы Еңбек сіңірген әртіс, 1954 жылы Халық әртісі, 1978 жылы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атақтарын иеленген. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз ордендерімен марапатталған.

- Ғ.Құрманғалиев ән сапарымен төрткүл дүниенің талай елдерінде болып, сан-сан сахналардан ұлттық музыкалық салт-дәстүріміздің байлығын паш етті. 1967 жылдан бастап Республикалық өнер және цирк студиясында сабақ берді. Оның отандық мәдениетке сіңірген орасан зор еңбегі әлденеше мәрте мемлекеттік марапаттармен бағаланды.

- 1934 жылы Алматы қаласында республиканың түкпір-түкпіріндегі өнер таланттарының басын қосқан бүкілқазақстандық 1 слёті өткізілетін болып, Ғарифолла соған қатысуға келеді.
- Ғарифолла осы оқиғаны былай деп әңгімелеп еді бізге: «1934 жылғы слёт жарысында Көкшетау жақтан-ау дейім. – Осы арада ұстаз маңдайын ұстап сәл ойланды. – Ұмытыппын атын, Мұса болар сірә, екеуміз біразға дейін тең түсіп отырдық. Ол да мықты екен, дауысы зор. Әндері де көп-ақ, бірінен соң бірін шығара береді. Үш күнге созылды тартысымыз. Ақыр соңында бірінші орынды маған берді жюри», – деген-ді.